

Квазимемлекеттік сектордың 2020 жылға арналған сыртқы борышының шекті көлемін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 96 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 30 желтоқсанда № 19795 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 601 қаулысымен бекітілген Квазимемлекеттік сектордың сыртқы қарыздарының көлемін келісу қағидаларының 4-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған квазимемлекеттік сектордың 2020 жылға арналған сыртқы борышының шекті көлемі бекітілсін.

2. Мемлекет міндеттемелерін басқару және қаржы секторын дамыту саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

Р. Даленов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 96 бұйрығымен
бекітілген

Квазимемлекеттік сектордың 2020 жылға арналған сыртқы борышының шекті көлемі

р/с №	Квазимемлекеттік сектор субъектілері	Сыртқы борыштың шекті көлемі, миллион теңге	Сыртқы борыштың шекті көлемі, миллион Америка Құрама Штаттары доллары*

1	2	3	4
1	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы	6 312 748	16 613
2	"Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы	2 109 335	5 551
3	"ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы	22 869	60
4	"Зерде" ұлттық инфокоммуникациялық холдингі" акционерлік қоғамы	-	-

*Ескертпе: 1 Америка Құрама Штаттары доллары үшін 380 теңге бағамы бойынша

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК